

Келісілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
әдіскері С К Асқатова 



Бекітілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі Г.В. Увалиева 

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ жоспары
Білім беру ұйымы Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 5 «Бала әлемі» бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Топ: «Құлыншақ» мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды қыркүйек 2023 ж – мамыр 2024 ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеру. Негізгі қимылдар: шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту; Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіру бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу Заттардан аттап жүру, шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүру арқылы тепе теңдік сақтау Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұру Қазақ халқының ұлттық ойындары: «Омпы», «Соқыр теке» «Хан алшы» Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау Спорттық ойын элементтері: Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; Спорттық ойын элементтері: баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру; Дербес қимыл белсенділігі. Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық

		<p>жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұкпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру; Мәдени- гигиеналық дағдылар: Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Сөздік қоры. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Келесі дағдыларды қалыптастыру. Қоршаған орта заттарын және тұрмыстық заттарды қолданылуын маңыздылығын түсіндіру. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстыра сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру. Дидактикалық ойындар: «Дыбыстар сағаты», «Менің сүйікті жеміс жидегім», <i>Ғ.Өтеев «Балабақша үйіміз» (тақпақ)</i> «Менің досым», «Менің сүйікті ойыншығым», «Күз бояуы», «<i>Р дыбысына арналған тақпақ</i>» <i>Жұмбақтар</i></p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойындар: <i>Омарбекова Фарида «Балабақшам»/тақпақ/, «Сауысқан мен көкек» /аудио ертегісі/, «Білімің – бұлағың» (өлеңмен танысу) ,Ақылбек Шаяхметов «Күз –Жомарт», (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі), Мәдіхат Төрежанов «Кішкентай бағбан». (әңгімелеу)</i></p>
	Қазақ тілі	<p>Тілдік-дамытушы орта: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды</p>

	білдіретін сөздерді айту. Дидактикалық ойындар: «Отбасым», «Ойлан тап». «Киіз үй», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық тағамдар», Әбжалиева А. «Мен қазақпын!»
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Дидактикалық ойындар: «Дыбыс», «Дыбыс пен сөз», «Сөз Сөздің мағынасы», «Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?»
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. Сан және санау.10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Дидактикалық ойындар: «Пішіндерді ата», «Біреу және көп», «Зат неге ұқсайды», «Біреуі артық» 1 саны және цифры. 1 санның жасалуы, «+», «-» таңбалары
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. Дидактикалық ойындар: «Кім боламын?», «Бұл қай кезде болады?». «Ең жақын адамдар»
Құрастыру	Құрылыс материалынан құрастыру. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық

	материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Дидактикалық ойындар: «Көңілді автобус \қол еңбегі\»,
Сурет салу	Берілген тақырыпта сурет салу: Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Дидактикалық ойындар: «Менің сүйікті ойыншығым»
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Дидактикалық ойындар: <i>Жемістер</i>
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Дидактикалық ойындар: «Көшедегі үйлер»
Музыка	-балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру; Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл - күйін әсерлі реңктерін ажырату. 2) Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы өз пікірін жеткізу. «Ана тілін сүйеміз» әні. К.Дүйсекеев, сөзі Ш.Сариев. «Ойыншық» әні. Ф.Жұбанова, сөзі Н.Шәкенов. Ән айту. 1) Дауысымен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын сәл келтіріп орындауға үйрету. «Балабақша» Б.Бейсенова. «Бағдаршам» әні: Ф.Тамендаров, сөзі: С.Калиев. «Ана тілін сүйемін» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі Қ.Толыбаев. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. 1) Музыканың сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүріспен беру жаттығуларын орындау. «Марш» Е.Марченко, «Ақ сиса» қазақтың халық

		<p>әні, өндеген Б.Далденбаев. Билер. 1.Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Ойындар, хороводтар. 1.Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айналатын әндермен шеңберді айналып жүру тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p>
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар Допты басынан асыра (алға және артқа) бір-біріне беру, қолды алға созып оңға, солға бұрылу, гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсынан жіңішке тақтайшаны ұстап, алға еңкейіп, иілу, гимнастикалық қабырғаға арқасымен тіреліп тұрып, қолын белінің тұсына сай рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру, алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу, айқасқан қолдарын артына көтеру, екі жанына созылған қолдарын жоғары көтеру, тізерлеп тұрып, алға еңкею, отыру. 5 метрге дейін қолмен жүру (екінші бала бірінші баланың аяғынан ұстап жүреді). Негізгі қимылдар: Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру; Қазақ халқының ұлттық ойындар: «Сақ құлақ», «Әуе таяқ», «Теңге ілу» Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау Спорттық ойын элементтері: Спорттық ойын элементтері: баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру; Дербес қимыл белсенділігі. Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру; Мәдени- гигиеналық дағдылар: Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану</p>

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға дағдыландыру. Сюжеттік суреттерді қолдану арқылы педагогикалық жағдаяттарды шешу Дидактикалық ойындар: «Абай атам данамыз» (тақпақ) Т.Омарова, «Менің елім-Қазақстан» Ж.Калмашева, «Күшік пен қасқыр», «Ата мен әжеге көмектес», «Дүниеде не күшті?» (аудио ертегі)</p>
Көркем әдебиет	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Дидактикалық ойындар: «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі), «Менің Ойыншықтарым» («Мұзафар Әлімбаевтың өлеңі») «Әкесі мен балалары» (Лев Толстойдың әңгімесі)</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік-дамытушы орта: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту. Көкөністердің қазақша аталуын үйрету. Жаңылтпаштар жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Тілге қызығушылықтарын арттыру, жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру. Жемістерді қазақ тілінде атай білуге, шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерд ебайланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Дидактикалық ойындар: «Алтын күз», «Көкөністер», «Жемістер»</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдай отырып, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Дидактикалық ойындар: «Дауысты дыбыстар», «Жуан дауысты дыбыстар», «Жіңішке дауысты дыбыстар», «Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар».</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Дидактикалық ойындар: «2 саны және цифры», «3 саны және цифры», «4 саны және цифры», «Тура және кері санау.».</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Еңбекке баулу. Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Дидактикалық ойындар: «Барлық мамандық қажет әрі маңызды», «Ауыл мен қала адамдарының еңбегі», «Нан дастарханға қалай келеді?», «Су-тіршілік көзі»</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалынан құрастыру. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Дидактикалық ойындар: <i>Күзгі жаспырақтар.</i></p>

Мүсіндеу	Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Дидактикалық ойындар: «Көкөністер»
Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруге баулу. Дидактикалық ойын: «Кемпірқосақ»
Музыка	-балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру; Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: - Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. «Гүлдерайым» әні: Т.Қоңыратбаев. «Таңғы бұлт» С.Кибирова. «Бұл қай кезде болады?» әні: Б.Ерзакович. Ән айту. Келесі дағдыларды қалыптастыру: - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. «Алтын күз» әні: Т.Кулинова, сөзі Ә.Асылбек. «Жаңбыр» Б.Бейсенова. «Мен алманы жақсы көрем» әні және сөзі Д.Қиқымов. «Күз тамаша» әні: С.Шынымов, сөзі: Л.Мұқышова. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. «Жапырақтар биі» М.Раухвергер. «Контрданс» «Жаңбыр» Ж.Дастенов Билер: - таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу. «Күзгі вальс» Күзгі вальс» А.Досмағамбет. «Балдырғандар биі» И.Нүсіпбаев. Ойындар, хороводтар. -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. - әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. . «Ойын» А.Омаров.

Дене шынықтыру

Жалпы дамытушы жаттығулар. Іштің бұлшық еттеріне (пресс) арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екіншісі оның аяғына отырады (5–6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын қосып сермейді (5–6 рет). **Негізгі қимылдар:** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м); қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м), орнынан биіктікке, арқаннан, сызықтан аттап секіру, оңжәне сол аяғын кезектестіріп секіру, биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу, көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу, гимнастикалық орындық астынан еңбектеу, доға астымен еңбектеу (биіктігі 50 см), доғаның астымен қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см), құрсаудың ішіне кіру(биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу, доғаның астымен төрт тағандап, допты басымен итеріп еңбектеу, кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеу;**Қазақ халқының ұлттық ойындар:**«Санамақ», «Ақшамшық (сақина салу)», «Ақсүйек»**Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:**Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау **Спорттық ойын элементтері:**Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру;**Дербес қимыл белсенділігі.** Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру. **Мәдени- гигиеналық дағдылар:**Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор:Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Дидактикалық ойындар: «Отбасының күзгі еңбегі», «Күзгі жапырақтар», «Л дыбысына арналған тақпақ», «Домбыра» I.Есенберлин. (тақпақ)«Ең тәтті дүние», «Әжесін қайсысы жақсы көреді?»(Әңгіме)</p>
Көркем әдебиет	<p>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару Дидактикалық ойындар: «Арыстан мен тышқан»(қазақ халық ертегісі), «Алтын Астық» (Қосжан мүсіреповтің өлеңі) «Әдептілік әлемі(өлең оқу)»,Ермек Өтетілеуұлы, «Ақымақ қасқыр» (қазақ халық ертегісі) «Кітапты мен сүйемін»</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік-дамытушы орта: Мамандықтың бәрі жақсы.Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету.Менің дене мүшелерім. Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру. Қанша? Санау. Санауға қазақ тілінде үйрету. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауды дамыту. Апта күндері. Балаларды апта күндерімен таныстыру. Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту,есте сақтауға үйрету. Дидактикалық ойындар: «Мамандықтар», «Көкөністер», «Гулденген Қазақстан», Мақал-мәтелдер, жұмбақтар</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.</p>
Математика негіздері	<p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және</p>

	салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Дидактикалық ойындар: «7сандары және цифрлары.» «8,сандары және цифрлары.» «9 сандары және цифрлары.» «10 саны және цифры».
Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету. Дидактикалық ойындар: «Бөлме өсімдіктері және оларды күту», «Өсімдіктер өсу үшін не қажет?», «Орман» «Ауа не үшін қажет?» «Тұрмыстық техника және оның қажеттілігі» «Арнайы көліктер»
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау Дидактикалық ойындар: «Сырмақ» \ұжымдық жұмыс\
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Дидактикалық ойындар: «Күз бояуы»
Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. Дидактикалық ойындар: «Күзгі жапырақтар»

	Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Дидактикалық ойын: «Күзгі жапырақтар»
	Музыка	-музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. «Қуыршақтың мұңы» 187 Б.Жүсіпалиев. «Рондо-марш» әні. Д.Кабалевский. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық - есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. «Күз жомарт» әні: Д.Ботбаев, сөзі Е.Өтетілеуов. «Бүгін қай күн» әні: С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. «Экозес» Ф.Шуберт. «Көңілді би» Ө.Байділдаев. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. балалар музыкалық аспаптарын да қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалау (5–6 рет), 3 метрге дейін қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу. Қолдарын алға созып, 6–7 рет қатарынан жартылай отырып, тұру. Аяқты кезекпен алға және жан-жаққа қойып, отыру; ұсақ заттарды аяқтың саусақтарымен қысып алып, орнын ауыстыру. Негізгі қимылдар: Лақтыру, қағып алу, домалату: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4–5 рет), допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату, допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу, 2–2,5 м рақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты дәлдеп лақтыру, допты екі қолымен бір- біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттар арасымен жүргізу (арақашықтығы 4 м), алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); Қазақ халқының ұлттық ойындар: «Жүйріктер жеңеді», «Түйіншек», «Допты ұстап алу» Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау Спорттық ойын элементтері: Хоккей.

	<p>Берілген бағытта, қақпаға доптаякпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға енгізу.Дербес қимыл белсенділігі. Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау Сауықтыру-шынықтыру шаралары:Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру. Мәдени- гигиеналық дағдылар:Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.Дидактикалық ойындар: <i>«Тіл ұстарту жаттығулары», «Алғашқы қар», «Ж дыбысына арналған тақпақ», «Қысқа дайындық»</i> (ертегі) <i>«Жаңа жыл қарсаңында (жағдаят)»</i></p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу Дидактикалық ойындар: <i>«Тәуелсіздік»(тақпақ), «Орман емшілері (Максим Зверевтің әңгімесі), Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев, «Жақсы мен жаман»(Рақым Тышқанбаевтың өлеңі) «Алтын балта» (Орыс халық ертегісі)</i></p>
Қазақ тілі	<p>Менің Отаным.Балаларға Отан туралы түсінік беру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ үйрету. Мемлекеттік рәміздері. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, тіл мәдениетін жетілдіру. Елорда–Астана.Елордамен таныстыру. Сөздік қорларын молайту.Әсем қала–Алматы.Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.Дидактикалық ойындар: <i>«Менің елім Қазақстаным» Ж.Калмашева, «Мақтан етем мен!» А.Расулова. «Әсем қалам Алматы», Мақал-мәтелдер, жұмбақтар.</i></p>

Сауат ашу негіздері	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p> <p>Дидактикалық ойындар: «Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз», «Буынға бөлейік», «Ойнай отырып оқимыз», «Дыбыстық талдау» дауысты, дауыссыз дыбысты ажырату</p>
Математика негіздері	<p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Дидактикалық ойындар: «Геометриялық денелер.» «Шар, текше, цилиндр.» «0-10 сандарымен есеп шығару «10 саны және цифры». «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру». «Ұзын-қысқа, биік-аласа, кең-тар, қалың-жұқа», 0-6 га дейінгі сандар». «Заттардың биіктігіне қарай салыстыру жатығулары»</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілікке баулу. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Дидактикалық ойындар: «Менің Отаным-Қазақстан», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Жануарлардың қысқа дайындығы», «Тәуелсіздік ұланымыз» (тақпақ) Н. Жуманиязова</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Дидактикалық ойындар: «Сиқырлы қораптар»</p>

	Сурет салу	Д Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Дидактикалық ойындар: «Алғашқы қар».
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Дидактикалық ойындар: «Ит адамның досы»
	Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруге үйрету. Дидактикалық ойындар: «Киіз үй»
	Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсіліретін де әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. «Отаным менің кең-байтақ» әні: Н.Тілендиев, сөзі: Қ.Шаңғытбаев. . «Тәуелсіз Қазақстан» әні. Б. Бейсенова. «Қосалқа» әні. Дәулеткерей. «Зима» П.Чайковский. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен әнайту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тынысалу, әннің сөздерін анықайту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. «Қазақстан» әні: С.Мұхамеджанов, сөзі Ғ.Жұмабаев. «Елтаңбасы елімнің» әні: Д.Омаров, сөзі: С.Қалиев. «Қыс қызығы» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі Е.Өтетілеуов. Билер. қазақ халқының би өнерімен таныстыру. қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру. «Қаз-қатар» А.Зацепин. «Жалаушамен би» Е.Брусиловский. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыкалық дауылпаз, асатаяқ шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Қа	Дене шынықтыру	

Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. **Негізгі қимылдар:** Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. **Қазақ халқының ұлттық ойындар:** «Жаңылма», «Білектесу», «Арқан тартыс» **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. **Спорттық ойын элементтері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру **Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. **Мәдени- гигиеналық дағдылар:** Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну.

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Дидактикалық ойындар: «Ажарлы қыс.», «Біз де ойнаймыз», «Ақсақ құлан» аңызы», «Қос ішекті домбыра» «Қыс қызықтары», «Ш дыбысына арналған жаттығулар, Жұмбақтар (тұрмыстық заттарға байланысты), «Сөз тізбегі»</p>
Көркем әдебиет	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға балаларды баулу. Көркем сөйлеуге үйрету. Дидактикалық ойындар: «Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин, «Қыс» (тақпақ) Сағымбекова Ж.М, «Мысық, әтеш және түлкі»(орыс халық ертегі), «Ертегілік кейіпкерлер», «Үш қыз .(татар халық ертегісі)», «Жұмбақтар» «Түлкі мен қоян» (ертегі) аудио ертегі Q-код арқылы, «Жаңылтпаштар»</p>
Қазақ тілі	<p>Қыс қызығы. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қысқа мәтіндер құрауды үйрету, жұмбақ, жаңылтпаш жаттауға үйрету. Үй жануарлары. Үй жануарлары мен төлдерін қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру. Жабайы жануарлар. Жабайы жануарлар қазақша атауларымен таныстыру. Қарапайым сұрақ қойып, оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қысқы киім. Киімінің қазақша атауларымен таныстыру; оларды топтай алуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, айыра білу. Дидактикалық ойындар: «Қыс» (тақпақ) Сагидуллина А.М, «Бұл қашан болады?», Менің сүйікті жануарым» (әңгімелеу), «Не артық?», «Жабайы жануарлардың қысқы тіршілі», «Біреу -көп», «Қуыршақ Айжанды серуенге шығарайық» (әңгімелеу) «Ғажайып дорба»</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Геометриялық пішіндердің, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Дидактикалық ойындар: «Дыбыстық талдау. /үш дыбысты сөздер/», «Дыбыстық талдау. /қатаң дауыссыз дыбыстар/», «Дыбыстық талдау. [н] », «Дыбыстық талдау.[н],[л]», «Дыбыстық талдау. [о] », «Дыбыстық талдау. [с]», «Дыбыстық талдау. [л]», «Сөздерді буынға бөлеміз.»</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Геометриялық пішіндер Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Дидактикалық ойындар: «Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш», «Қарапайым мысалдар мен есептер шығару», «Өткенді пысықтау.» «Тура және кері санату. Жай есептер мен мысалдарды шығару». «Фигуралар тізбегі.» «Логикалық есептер шығару». «Дөңгелек және сопақша. Қарапайым мысалдар мен есептер шығару,» «Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн .Кеше, бүгін, ертең.»</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Дидактикалық ойындар: «Сумен тәжірибе жасау», «Суда тіршілік ететін жануарлар», «Сумен мұздың қасиеті», «Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?», «»Ауаны қайда кездестіруге болады», «Ұсақталған мұз».</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Қағаздан құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.Дидактикалық ойындар: «<i>Мысық</i>»</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. <i>Дидактикалық ойындар:</i> «<i>Ажарлы қыс</i>».</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. <i>Дидактикалық ойындар:</i> «<i>Шана</i>»</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп</p>

		жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу. <i>Дидактикалық ойындар: «Қысқы орман»</i>
	Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларына жыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. «Қыс» әні. Б. Жүсіпбаиева. «Үш көңіл күй» әні: Г. Левкодимов. Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айтудағыдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. «Қыс қызығы» әні: И. Нүсіпбаев, сөзі Е. Өтетілеуов Билер. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыкалық сазсырнай, тұяқтас шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. «Көңілді би» Ө. Байділдаев. «Сылдырмақты серуен» Ж. Тезекбаев.
Ақпан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру. Қазақ халқының ұлттық ойындар: «Үш орындық», «Қапшықты кім алысқа лақтырады», «Бос орын» Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және

		<p>ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Спорттық ойын элементтері:Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау. Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып 73 лақтыру. Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары:Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. Мәдени- гигиеналық дағдылар:Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Дидактикалық ойындар: «Кеме (өлең)», «Қарап ал да есіңе сақта» «Кім ақылды?» (әңгіме), «Телефон»,«Мамандықтың бәрі жақсы», «Біздің көңіл-күйіміз»,«Күшік пен мысық»<i>ертегісі Q-код арқылы, «3 дыбысына машықтандыруға арналған тақпақ»</i></p>
	Көркем әдебиет	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен м имикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға баулу. Дидактикалық ойындар: «Түлкі мен қоян (ертегі)», «Қыс» тақпақ А.Құнанбаев,«Шықбермес шығайбай (қазақ халық ертегісі)», Аққала (тақпақ) Калмашеева Ж.П, «Дүниеде не күшті» (қазақ халық ертегісі) аудио жазба, «Ұрпаққа»(тақпақ) Омарбекова Ф.Қ</p>

Қазақ тілі	<p>Ұлттық киім. Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру.Азық-түлік. Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру. Әжемнің базарлығы.Ұлттық тағамдармен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Қандай түстер. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойындар: «Ұлттық киімдер» (әңгімелеу), «Кім тапқыр?», «Мен дүкендемін», (сюжетті ойын), «Не артық?», «Ұлттық тағамдар»(әңгімелеу), «Дастархан» (тақпақ) «Қ,ғ дыбыстарына арналған жаттығулар», «Сөз құрастыр»</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қыс ып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойындар: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»«Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу», «Дыбыстың сөздегі орны[t]», «Кім жылдам?» « Ойнай отырып оқимыз [к] », «Біз нені үйрендік,нені білдік?»,«Сөз ойла,көп ойла», «Дыбыстық талдау», «Дыбыстық талдау [с]», «Кім тапқыр» «Дыбыстық талдау [р]», «Сөйлем»</p>
Математика негіздері	<p>Геометриялық пішіндер Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Дидактикалық ойындар: «Ауыр жеңіл. Заттарды өлшеу туралы түсінік»,«Салмағы бір біріне қарама қарсы заттарды алақанға салып салыстыру.», «0-10 сандары. «+», «=» таңбалары. Есептер шығару.», «Қай қолымда көп». «0-10 сандары. Тура және кері санау.» «0 саны мен цифрды таныстыру.» «Қарапайым мысалдар мен епестер шығару», «1-7 сандары. Апта күндері.», «Уақытқа қатысты ұғымдар: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні» «Өз жұбыңды тап»</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б.</p>

	маңызын түсіну. <i>Дидактикалық ойындар: «Қатты заттар мен сұйық заттардың қасиеттері», «Сиқырлы айна», (тәжірибе), «Тұрмыстық техника және оның қажеттілігі», «Заттарды қозғаймыз» (тәжірибе), «Адам және табиғат», «Табиғат бұрышындағы жануарлар».</i>
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. <i>Дидактикалық ойындар: «Шырша бүрінен бұйым жасау»</i>
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. <i>Дидактикалық ойындар: «Су торғайы».</i>
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. <i>Дидактикалық ойындар: «Суда жүзген қайық»</i>
Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. <i>Дидактикалық ойындар: «Мысық»</i>
Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбырамен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Құрманғазы «Адай». Ықылас «Жезкиік». «Қандай аспап» Б. Дәлденбеу, аспаптар дауысын тыңдау. «Айжан қыз» Құрманғазы. Ән айту. Әр түрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды

		<p>өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: «Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова. «Аспаптар», «Домбыра» Б. Бейсенова. Билер. би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман - мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыкалық қоңырау, сыбызғы шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. «Қуыршақпен билейміз» Н.Лысенко. «Тырналар биі» Д.Абиров.</p>
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жыл Қазақ халқының ұлттық ойындар:«Қарлығаш», «Кім жылдам?», «Жапалақ» Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Спорттық ойын элементтері:Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары:Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. Мәдени- гигиеналық дағдылар:Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру</p>

Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. <i>Дидактикалық ойындар: «Көктем», «Менің анам», «Күшік пен мысық»ертегісі», «Наурыз –көктем мерекесі», «Қасқыр мен тұлкі» ертегісі, «Жыл мезгілдері»(тақпақ), Турлыбекова Г.Т, «Қарлығаш пен дәуіт» (қазақ халық ертегісі), «Жаңылтпаштар»</i></p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. <i>Дидактикалық ойындар: «Әже»(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов, «Көктемнің сәні (ертегі)», «Құмырсқаның қанаты» (қазақ халық ертегісі), Көктем (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)», «Наурыз» (Қастек Баянбайдың өлеңі), «Наурыз көже» (Серік Нұғыманның әңгімесі), «Бесік жыры», Сағи Жиенбаев, «Наурыз батасы»</i></p>
Қазақ тілі	<p>Көктем. Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу. Көктем келді, құс келді Құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру. Армысың, әз Наурыз! Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Ыдыс. Сөздік қорларын молайту, ұлттық ыдыстармен таныстыру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу. <i>Дидактикалық ойындар: «Көктем» (тақпақ) К.Ыбырайұлы, Жыл мезгілдері(ертегі), Жыл құстары», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» «Армысың, әз Наурыз!», «Наурыз» (тақпақ)Б. Жақыпов, «Аспазшы»(сюжетті-рольді ойын), ««Сандық».</i></p>
Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Дидактикалық ойындар: <i>«Жаңа сөз ойла», «Сөйлем», «Сөйлем сызбасы», «Ойнай отырып оқимыз», «Сөйлем құрау», «Дыбыстық талдау[з]», «Кім тапқыр», «Біз нені үйрендік, нені</i></p>

	<i>білдік?», «Сөз,сөйлем сызбасы», «Өз орныңды тап» «Біз сөйлем құрай аламыз», Дыбыстық талдау [ұ]</i>
Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. <i>Дидактикалық ойындар: «Зат және оның бөліктері.» «Кері санау!», «Бүтін мен бөлікті салыстыру. Бүтін мен бөлікті салыстыруға, оларды атап көрсетуге арналған жаттығулар.» «Заттарды салыстыру. 0-10 сандары. шамаларды салыстыру.» «Кім алғыр», «1-ден 10-ға дейінгі сандарды салыстыру», «Сиқырлы сандық» «Теңдік және теңсіздік (<, >) таңбалары», «Қай пішінге ұқсайды?»»,</i>
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <i>Дидактикалық ойындар: «Алақай,көктем келді!»,(әңгімелеу),«Табиғат құбылыстарын ажырату», «Менің елімнің салт-дәстүрлері»,«Біз жас зерттеушілерміз» (тәжірибе), «Бір үзім нан» қазақ халық ертегісі,« Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат».</i>
Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. <i>Дидактикалық ойындар: «Көліктер»</i>
Сурет салу	Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен

	<p>бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. <i>Дидактикалық ойындар: «Менің анам»</i></p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. <i>Дидактикалық ойындар: «Әдемі гүл»</i></p>
Жапсыру	<p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. <i>Дидактикалық ойындар: «Зымыран»</i></p>
Музыка	<p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. «Қарлығаш» Б.Бейсенова. «Бесік жыры» халық әні. «Шаң қобыздың дыбысын тыңдау». «Домбыра дыбысын» тыңдау. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен әнайту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тынысалу, әннің сөздерін анықайту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Өнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. «Көктем келді» Б. Бейсенова. «Анашым қартаймашы» сөзі мен әні: Ж.Бұлжанов. «Наурыз біздің жаңа жыл» сөзімен әні: Ж.Қалжанов. «Жауқазын» әні: Қ.Сәтiev сөзі: М.Мұсағитов. «Наурыз келді» әні: Е.Хасен, сөзі: З.Мүсілім. «Аяулы Анашым» С.Бұланова. «Бөпешім» сөзі: А.Молдағалиев, әні: М.Ілиясов. «Айдана» сөзімен әні: С.Бәйтереков. «Домбыра сазы» әні: И.Нүсіпбаев сөзі: Х.Талғаров. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. «Мерекелік 188 марш» Б.Дәлденбаев. «Айгөлек» Н.Баймұхамедов. Билер. музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыкалық домбыра, металлофон шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. «Мамино сердце» Э.Мельник. «Қамажай» халық әні.</p>

Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Негізгі қимылдар:Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).Қазақ халқының ұлттық ойындар:«Көтермек», «Арқан тарту», «Түйілген орамал»Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Тұзу бағытта адымдап жүру. Спорттық ойын элементтері:Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары:дам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Мәдени- гигиеналық дағдылар: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіню.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. <i>Дидактикалық ойындар:</i> «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» (ертегі), «Маңдай тер», «Мен ғарышкер боламын. (тақпақ)», «Күн, Ай және Қораз», ертегі, «Заттарды топта», «Түлкі мен Қоян» ертегісі.</p>

Көркем әдебиет	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. <i>Дидактикалық ойындар: «Бала - біздің болашақ(өлеңді жаттау)» Қасым Аманжолов, «Қайырымды қоян», «Ертегілер еліне саяхат» , «Тату доспыз бәріміз», «Төлдер айтысы»</i></p>
Қазақ тілі	<p>Жайлауда. Жайлау туралы түсінік беру, тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру. Киіз үй. Киіз үй жабдықтарымен таныстыру. Ұлттық бұйымдарды дұрыс айтуға үйрету. Әжемнің оюлары Қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру. Сөздік қорларын ою аттарымен молайту. Көлік Көліктердің қазақша атауларымен таныстыру. Көлік атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру. Дидактикалық ойындар: <i>«Жайлауда»(тақпақ), «Киіз үй жиһаздары»,«Сақа асық» (тақпақ) Омарбекова Ф.Қ, «Әжемнің өрнегі», «Сыпайы сөздер дүкені» (педагогикалық жағдаят), «Жеті қазына»</i></p>
Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Дидактикалық ойындар: <i>«Сөздің дыбыстық сызбасы», «Біз нені үйрендік? [қ]», «Дыбыстық талдау», «Жоғалған буын», «Ойнай отырып оқимыз», «Дыбыстық талдау» «Біз нені үйрендік?», «Кім дұрыс айтады?» «Біз нені үйрендік? [ш]», «Сөз құрастыр»</i></p>
Математика негіздері	<p>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Дидактикалық ойындар: <i>«Логикалық есептер», «Геометриялық пішіндер және денелер», «Қоршаған ортадағы геометриялық пішіндегі заттар», «Қарапайым таразының көмегімен заттың салмағын өлшеу», «Не өзгерді?» «Жай есептер мен мысалдар шығару», «0-20 сандары. Тура және кері санау», «Менің көршілерім», «Жай есептер мен мысалдар шығару» «Ретімен санау»</i></p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жануарлар әлемі Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-</p>

		баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Дидактикалық ойындар: «Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?», «Сиқырлы айна», «Жануарлар жауынан қалай қорғанады?», «Даладағы көлеңкелер», «Адамдардың көктемгі еңбегі», «Жіппен тәжірибе жасау», «Менің мекенжайым», «Металл, метал қасиеттері»
	Құрастыру	Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнап, ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету. Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту <i>Дидактикалық ойын: «Менің үйім»</i>
	Сурет салу	Сюжеттік суреттерді салу, ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету. Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану. Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету. <i>Дидактикалық ойындар: «Мен ғарышкер боламын.»</i>
	Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. <i>Дидактикалық ойындар: «Ғарыш кемесі»</i>
	Жапсыру	Шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету. Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану. Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету. <i>Дидактикалық ойындар: «Достық мерекесі»</i>
	Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. «Ауылға сапар» Қ. Қуатбаев. «Мен ауылға барамын» Б.Бейсенова. «Вальс» А. Бестібаев. «Ақсақ киік» Құрманғазы Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық - есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. «Көктем» әні: К.Қуатбаев, сөзі: Ж.Әтібеков. «Балдырған» әні: Б.Дәлденбай, сөзі: Н.Жанаев. Билер. таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. мәтінге сәйкес сәнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыкалық ксилофон, бубен шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. «Тырналар биі» Д.Абиров. «Алатау» Н.Тілендиев. «Көктем келді» К.Қуатпеков.
Мам	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. 72 Саусақтарды

айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). **Негізгі қимылдар:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу **Қазақ халқының ұлттық ойындар:** «Ақсүйек», «Санамақ», «Әуе таяқ» **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Тұзу бағытта адымдап жүру. **Спорттық ойын элементтері:** Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту

Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: «Бірлігіміз жарасқан», «Өскенде мен кім боламын!», «Жеңіс күні»(әңгімелеу), «Мен білімді баламын», «Жаздың кезі көңілді», «Жарқын жаз», «Тіл ұстарту жаттығулары», «Асфальттағы суреттер»,</i>
Көркем әдебиет	Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: Достық (өлеңді жаттау) Е.Елубаев, «Ынтымағы жарасқан елміз», «Жеңіс күні (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев», «Ұлы Жеңіс жасасын!», «Сауысқан мен көкек(ертегі)», «Кітап» Нұрбек Н.Н «Гүлдер таласы» (ертегі)</i>
Қазақ тілі	Қазақстан – ортақ үйіміз. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақстан халқы тату, көп ұлтты мемлекет екенін түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Ертегі әлемі. Сөздік қорларын молайту. Зейін қойып тыңдауға, таныс сөздерді табуға дағдыландыру. Алақай, жаз келді! Жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету. Жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Мен не білемін және не істей аламын? Өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: «1-мамыр Қазақстан бірлігі күні», «Тату доспыз бәріміз» (тақпақ), «Ертегі әлемі», «Менің сүйікті ертегім», «Алақай жаз келді», «Жарқын жаз» (тақпақ) А.Омарова, «Өнердің зажайып әлемі».</i>
Сауат ашу негіздері	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: «Біз нені үйрендік, нені білдік?», «Жоғалған буын» «Үйренгендерімізді қайталаймыз.», «Біз нені үйрендік, нені білдік?» «Біз нені үйрендік, нені білдік?» «Кім дұрыс айтады?»</i>
Математика негіздері	Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш

	сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: «Теңсіздіктен теңдік, теңдіктен теңсіздік алу дағдыларын жетілдіру.»</i> , <i>«Заттарды салыстыру. 0-20 га сандар.»</i> , <i>«Шамаларды салыстыру.»</i> , <i>«Өткенді пысықтау»</i> , <i>«Тура және кері санату»</i> , <i>« Жай есептер мен мысалдарды шығару.»</i> , <i>«Мен не білдім? Не үйрендім?»</i>
Қоршаған ортамен таныстыру	Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: «Ынтымақ пен бірлік мерекесі»(әңгімелеу),«Әскери мамандықтар»</i> , <i>«Ұлы Отан соғысының батырлары»</i> , <i>«Қызыл кітап»</i> , <i>«Табиғатқа қамқор бол!»</i> <i>«Кім көп біледі?»</i> .
Құрастыру	Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнап, ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету. Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойын: «Менің Отаным ұжымдық жұмыс»</i>
Сурет салу	Сюжеттік суреттерді салу, ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету. Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану. Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойындар: «Мерекелік от шашу»</i>
Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойын: «Жайлауда»</i>
Жапсыру	Шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету. Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану. Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету. Өткенді қайталау. <i>Дидактикалық ойын: «Күнбағыс»</i>
Музыка	- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыка тыңдау. азақ халқының әндерімен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. «Қазақстан жалауы» әні: Д.Омаров, сөзі: С. Қалиев. «Көгершін» Н.Тілендиев. «Батыр бала Балтабек» Ә. Беспаев Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айтудағыларын дамыту. Әр түрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. . «Әр қашан күн сөнбесін» әні: А.Островский, сөзі: Л.Ошанин, аударған І. Мәмбетов. «Көбелек» әні: М.Әубәкіров сөзі: Ж.Смақов. «Дос

	<p>болайық бәріміз» әні: Т.Талғаров сөзі: И.Нүсіпбаев, «Балабақша» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: С.Мұхамедиев. «Ел қорғауға әзірміз» әні: К.Қуатбаев, сөзі: М.Әлімбаев. «Елемнің ертегі иесі-біз» әні: А.Еспенбетов, сөзі: З.Еспенбетов. «Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков. «Біз мектепке барамыз» сөзі мен әні: А. Меңжанова. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: Билер. би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман – мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. «Алға Қазақстан», «Марш» Л. Хамиди. .«Ел қорғауға әзірміз» М.Әлімбаев. «Сарбазым» Р.Бейсенұлы. «Дос болайық» Х.Талғаров. «Ағайынбыз бәріміз» Ә.Дүйсенбиев. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыкалық барабан, маракас, румба шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	---

